

# Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша ГИД



## Мазмұны

<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>4</b>
<b>1-ТАРАУ. Онлайн кездесулерге арналған құралдар (бейнесабақтар, бейнеконференциялар, бейнеқоңыраулар)</b> .....	<b>6</b>
<b>ZOOM</b> .....	<b>7</b>
<b>SKYPE</b> .....	<b>9</b>
<b>MICROSOFT TEAMS</b> .....	<b>10</b>
<b>YOUTUBE</b> .....	<b>14</b>
<b>GOOGLE MEET</b> .....	<b>15</b>
<b>WIZIQ</b> .....	<b>18</b>
<b>2-ТАРАУ. Контентті жеткізу (оқу материалдары, тапсырмалар)</b> .....	<b>19</b>
<b>PREZI</b> .....	<b>20</b>
<b>SLIDESHARE</b> .....	<b>21</b>
<b>CANVA</b> .....	<b>21</b>
<b>GOOGLE ТАНЫСТЫРЫЛЫМДАРЫ</b> .....	<b>22</b>
<b>GOOGLE CLASSROOM</b> .....	<b>23</b>
<b>PADLET</b> .....	<b>25</b>
<b>NEARPOD</b> .....	<b>26</b>
<b>PEAR DECK</b> .....	<b>28</b>
<b>SCREENCAST-O-MATIC</b> .....	<b>29</b>
<b>3-ТАРАУ. Бағалау (тестілеу)</b> .....	<b>31</b>
<b>LEARNING APPS</b> .....	<b>32</b>
<b>НАРҰАК</b> .....	<b>35</b>
<b>MENTIMETER</b> .....	<b>36</b>
<b>КАНОТ</b> .....	<b>37</b>
<b>QUIZIZZ</b> .....	<b>38</b>
<b>WIZER.ME</b> .....	<b>39</b>
<b>4-ТАРАУ. Күнтізбелер (сабақтарды жоспарлау, сабақ кестесі, тайм-менеджмент)</b> .....	<b>40</b>
<b>GOOGLE КҮНТІЗБЕ</b> .....	<b>41</b>
<b>SCHOODLE</b> .....	<b>42</b>
<b>5-ТАРАУ. Оқытуға арналған мессенджерлер</b> .....	<b>43</b>
<b>WHATSAPP</b> .....	<b>44</b>
<b>TELEGRAM</b> .....	<b>46</b>

АІТУ.....	49
<b>6-ТАРАУ. Қашықтан оқытуға арналған қазақстандық платформалар.....</b>	<b>50</b>
«КҮНДЕЛІК» ПЛАТФОРМАСЫ.....	51
«BILIMLAND» ПЛАТФОРМАСЫ .....	52
«DARYN.ONLINE» ПЛАТФОРМАСЫ.....	53
EDUS ЖҮЙЕСІ — ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕКТЕП.....	54

## КІРІСПЕ




Құрметті ұстаз, құралдардың әдістеме арқылы айқындалатынын, яғни керісінше болмайтынын жадыңызда ұстаңыз. Құралдар оқу мақсаттарына қарай таңдалуы тиіс!

- Қашықтан оқыту құралдарының **ең аз жинағын** қолданумен шектеліңіз: сізге де, оқушыларға да ыңғайлы болуы үшін бастапқыда бір-екеуі әбден жеткілікті. Бұл құралдардың неғұрлым қарапайым болғаны да жақсы.
- Белгілі бір құралды меңгеріп алғаннан кейін сізге және оқушыларыңызға онымен жұмыс істеу қаншалықты **ыңғайлы** екеніне **баға беріңіз**. Қалаған нәтижелеріңізге қол жеткізіп жүрсіз бе? **Өзіңізге пайдалануға қолайсыз** деп тапқан құралды **алмастыруға** дайын болыңыз.
- Егер сіз орта мектепте сабақ беретін болсаңыз, оқушыларға әрбір келесі сабақ сайын жаңа сервистермен жұмыс істеуге тура келмес үшін, мүмкіндігінше, **бір параллельде жұмыс істейтін әріптестеріңізбен бірдей құралдарды таңдаңыз**.
- Оқушылармен жұмыс істеуге **пайдаланбас бұрын жаңа құралды** міндетті түрде **сынақтан өткізіп алыңыз**.

***Сәттілік!***

## АКТ құралдары қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



# 1-ТАРАУ. Онлайн кездесулерге арналған құралдар (бейнесабақтар, бейнеконференциялар, бейнеқоңыраулар)





## ZOOM

**Zoom** – бұл бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа. Кездесуді тіркеулік жазба құрған кез келген адам ұйымдастыра алады. Тегін тіркеулік жазба ұзақтығы 40 минут болатын бейнеконференция өткізуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама жеке және топтық сабақтар үшін жақсы келеді, оқушылар әртүрлі құрылғылардан – компьютерден, планшеттен, телефоннан кіре алады. Бейнеконференцияға сілтемесі немесе конференция идентификаторы бар кез келген адам қосыла алады. Іс-шараны алдын ала жоспарлауға болады, сонымен қатар қайталанатын сілтеме жасауға да болады, яғни тұрақты түрде өткізілетін сабақ үшін белгілі бір уақытта кіруге арналған бір сілтеме жасап қоюға болады.

### **Zoom мүмкіндіктері:**

- Әрбір қатысушымен бейне және аудио байланыс. Ұйымдастырушыда микрофонды өшіру және қосу мүмкіндігі, сондай-ақ бейнені өшіру және барлық қатысушылардан бейнені қосуды сұрау мүмкіндігі бар. Конференцияға тек қарау құқығымен қатысушы ретінде кіруге болады.
- Сервис интерфейсі барлық пайдаланушыларға бір-бірін көріп отыруға және тыңдауға мүмкіндік береді. Сурет кім сөйлейді, сол адамды автоматты түрде көрсетіп отырады.
- Қазір дыбысы бар экранмен (screensharing) бөлісуге болады. Экранның көрсетілуін кідірте тұруға болады. Бұдан бөлек, экранның барлығымен емес, тек жекелеген қосымшаларымен бөлісуге, мысалы, браузердің көрсетілуін қосуға болады. Теңшеулерде барлық қатысушыларға экранмен бөлісу мүмкіндігін беруге болады, немесе мұны тек ұйымдастырушы ғана жасай алатындай шектеулер қоюға болады.
- Платформаға интерактивтік тақта кіріктірілген, экранды көрсетуден тақтаға жеңіл, әрі жылдам ауысуға болады.

- Хабарламалар жазуға, барлық немесе таңдап алынған бір қатысушыға файлдар жіберуге арналған чат бар. Чатты автоматты түрде сақтауға немесе әр конференция сайын қолмен сақтау күйіне теңшеп қоюға болады (Чат→Толығырақ→Чатты сақтау).
- Сабақты компьютерге де, «бұлтқа» да жазып алуға болады. Жазбаны автоматты түрде қосуды, сонымен бірге оны кідіріске қоюды теңшеу мүмкіндігі ыңғайлы.
- Конференция кезінде серіктес ұйымдастырушы тағайындауға болады, оның да ұйымдастырушы сияқты: жекелеген студенттердің микрофонын қосу немесе өшіру, атауын өзгерту және сессия залдарына (бөлмелер, мини-конференциялар) бөлу мүмкіндіктері болады.
- Сессия залдарына бөлу – бұл оқушыларды офлайн сабақтардағыдай бөлу және жеке тапсырмалар беру. Оқушыларды жұптарға және топтарға бөліп, жекелеген бөлмелерге таратып жіберуге болады, олар онда тек бір-бірімен ғана сөйлесе алады, қалғандары оларды көре де, ести де алмайды. Бөлмелер санын мұғалім белгілейді, қатысушыларды автоматты түрде немесе қолмен бөлуге болады. Ұйымдастырушыда бөлмелерді аралап, онда не болып жатқанын тексеру мүмкіндігі бар. Сонымен қатар қатысушыларды бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға болады.
- Онлайн-сабақта жақсы атмосфера қалыптастыру үшін виртуалды фондар қосу. Әртүрлі қызықты фондармен қатысушыларды таң қалдырып, сол арқылы олардың назарын өзіңізге аудартуға болады.
- Экранды көрсету кезінде «Пікір қалдыру» (Co-annotation) құралы арқылы сурет салуға, белгілеуге, өшіруге және т.б. болады. Мұны мұғалім де, оқушылар да істей алады, бірақ қажеттілікке қарай теңшеулерде аталған функцияны оқушыларда өшіріп қоюға болады.
- Қатысушылар виртуалды тақтаға сурет сала алады, бірақ ештеңені қозғай алмайды. Дегенмен оқытушы өз экранын көрсетуді қосып, өз тышқанын басқаруды өзгеге бере алады, яғни оқушы өз тарапынан оқытушының тышқанын қозғай отырып, оның компьютерінде талап етілгенді істей алады (таныстырылымдағы карточканы айналдыру, басу, картинкаларды қосу және т.б.), сондай-ақ пернетақтаны басқаруды да басқаға беруге болады. Веб-конференция кезінде қатысушы өз экранын көрсетіп отырған адамнан басқару құқығын беруді сұрайды. Көрсетушіде растауға сұраныс шығады. Егер растаса, екеуі де тышқанмен және клавиатурамен жұмыс істей алады, басымдық көрсетушіде болады.

Қатысушылар саны	Экранды көрсету	Құны
100	Иә	40 минут шектеумен тегін Айына 14.99\$-дан бастап





[www.skype.com](http://www.skype.com)

## SKYPE

**Skype** – дүние жүзімен байланыс жасауға арналған бағдарламалық қамту. Skype көмегімен жеке және топтық дыбыстық әрі тегін бейнеқоңыраулар шалуға болады, сонымен қатар өзге Skype қолданушыларына мезеттік хабарламалар мен файлдар жіберуге болады.

Skype-ты кез келген ыңғайлы құрылғыда қолдануға болады: ұялы телефонда, компьютерде немесе планшетте.

Skype бағдарламасы тегін жүктеледі және қолдану үшін қарапайым.

Бейнекездесулерді ұйымдастыру үшін жиынға сілтеме құрып, оны қатысушыларға жіберу қажет. Бейнеқоңырауға кірмей-ақ, келуші ретінде қосылуға да болады. Ол үшін тіркеулік жазба қажет емес. Еш жерде тіркелудің керегі жоқ.

Егер сізде қосымша орнатылмаған болса, Скайптың браузердегі веб-версиясы ашылады. Кездесуді сізге қанша уақыт керек, сонша уақыт өткізуге болады.

Жиынға сілтеме шектеусіз уақытқа пәрменді күйінде қалады. Оны кез келген сәтте пайдалануға болады.

Алдағы уақытта талдау және ескертпелермен жұмыс жасау үшін қоңырауларды жазып алып отыруға болады. Жазбалар 30 күн бойы сақталады.

Егер сіз жолда болсаңыз немесе бейнежиынға дайындалып үлгермесеңіз, қобалжымаңыз: жай ғана фонды бұлдырату функциясын қосыңыз.

Телеконференция барысында сіз таныстырылымдарды оңай көрсетіп, жұмыс материалдарымен және жоспарлармен бөлісе аласыз. Чат сізге бірлескен жұмыс пен кері байланыс орны ретінде қызмет етеді.

Қатысушылар саны	Экранды көрсету	Құны
50	Иә	Тегін



<https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-365/microsoft-teams/group-chat-software>

## MICROSOFT TEAMS

**Microsoft Teams** — Microsoft компаниясы әзірлеген жұмыс кеңістігінде чат, кездесулер, ескертпелер мен қосымшаларды біріктіретін корпоративтік платформа. Microsoft Teams Office 365 пакетінің бір бөлігі болып табылады және корпоративтік жазылым бойынша таратылады.

**Teams** — бұл мұғалімдерге, мектеп оқушыларына, сондай-ақ ата-аналарға нақты уақыт режимінде белсенді қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бірлескен жұмыс орталығы. Teams-те сіз сабақтар өткізіп, әңгімелер жүргізе аласыз, жобаға түзетулерді жылдам енгізіп, ортақ файлдармен командада жұмыс істей аласыз және тапсыруға материалдарды бірге дайындай аласыз.

### Microsoft Teams мүмкіндіктері

<b>Команда / топ құру</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Команда құру</li><li>• Командаға әкімшілік ету</li><li>• Командаларды басқару</li><li>• Каналдарды басқару</li></ul>
<b>Оқу материалдарын студенттерге жіберу</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Файлдармен алмасу</li><li>• Файлдарды іздеу және іріктеу</li><li>• Сыныптың жазба кітапшасын пайдалану</li></ul>
<b>Командада хабарламалар алмасу</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Каналдардағы жұмыс</li><li>• Электрондық пошта хабарламаларын каналға жіберу</li><li>• Жазбалар құру және пішімдеу</li></ul>
<b>Аудиоқоңыраулар</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Чаттар құру және бекіту</li><li>• Қоңыраулар шалу</li></ul>

<b>Жиындар (вебинарлар) өткізу</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жиынға қосылу</li><li>• Жиындарды жылдам құру</li><li>• Каналда жиын жоспарлау</li><li>• Жиындарды басқару</li><li>• Жиын кезінде экранды көрсету</li></ul>
<b>Оқушыларға арналған тапсырмалар</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жеке</li><li>• Жұптық</li><li>• Топтық</li></ul>
<b>Тапсырмалар үшін бағалар қою</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қалыптастырушы</li><li>• Жиынтық</li></ul>
<b>Кіріктірілген бірлескен жұмыс мүмкіндіктері</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қосымшалар</li><li>• Боттар</li><li>• Қосқыштар</li></ul>

### Майкрософт тіркеулік жазбасын құру

- Microsoft Teams шешімін пайдалану үшін Office 365 аккаунты (логин/пароль) болуы қажет.
- <https://www.microsoft.com/ru-ru/education/products/teams> сілтемесі бойынша өтіп, өз мектебіңізді тегін тіркеп алыңыз.
- Microsoft Teams кіретін Office 365-ті тегін алыңыз.

### Teams-ке кіру

- Teams-ті қосыңыз.
  - Windows-те «Қосу» түймешігін, одан кейін «Бастау»>Microsoft Teams түймешігін басыңыз
  - Mac-та Applications (Қосымшалар) бумасына өтіңіз және Microsoft Teams-ті түртіңіз.
  - Ұялы құрылғыда Teams белгісін басыңыз.
- Microsoft 365 қолданушы аты мен құпиясөзді пайдалану арқылы кіріңіз.

### Команда және канал таңдау

**Топтар** – бұл бір жерде орналасқан адамдар, әңгімелер, файлдар мен құралдар жинағы.

**Канал** – бұл бөлімге, жобаға немесе тақырыпқа арналған командадағы талқылау.

Командалармен және каналдармен танысудың ең жақсы тәсілі – бұл олардың қандай да біреуін таңдау және тәжірибе жасауды бастау!

- Қосымша терезесінің сол жағында Teams пунктiнiң «Командалар» түймешігін басыңыз да, топты таңдаңыз.

- Егер сізде әлі команда жоқ болса және сіз оны құрғыңыз келсе, «Командаға қосылу немесе құру» түймешігін таңдаңыз.

### **Командамен жаңа әңгіме бастау**

- Teams-те «Командалар» түймешігін түртіп, одан кейін команданы және каналды таңдаңыз.
- Өзіңіз хабарлама енгізетін жолға нені ескеру қажет екенін атаңыз да, «Жіберу» түймешігін басыңыз.

### **Бір адаммен немесе топпен жаңа әңгіме бастау**

- Қосымшаның жоғарғы жағында «Чат құру» түймешігін шертіңіз.
- «Кімге» деген жерге әңгімелескіңіз келетін адамдардың есімдерін жазыңыз.
- Өзіңіз хабарлама енгізетін жолға нені ескеру қажет екенін атаңыз да, «Жіберу» түймешігін басыңыз.

### **Әңгіме хабарламасына жауап беру**

Каналдардың әңгімелері күні бойынша, кейіннен тізбек бойынша реттеледі. Тармақтардағы жауаптар бірінші хабарламаның астында болады, бұл бірнеше әңгімені оңай қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

- Өзіңіз жауап қалдырғыңыз келетін әңгіме тізбегін тауып алыңыз.
- «Жауап беру» түймешігін шертіңіз, өз хабарламаңызды қосыңыз да, «Жіберу» түймешігін басыңыз.

### **Файлдар жіберу**

- Каналдағы әңгімеде «Салу» түймешігін және өзіңіз хабарлама енгізетін жолдың астында «Файл таңдау» түймешігін басыңыз.
- Осы нұсқалардың бірін таңдаңыз:
  - *Соңғылары*
  - *Командалар мен каналдарға шолу*
  - *OneDrive*
  - *Менің компьютерімнен жіберу*
- Файл> сілтемемен бөлісуді таңдаңыз.
- Егер сіз файлды компьютерден жіберетін болсаңыз, файлды таңдап, «Ашу» түймешігін шертіп, содан соң «Жіберу» түймешігін басыңыз.
- Сіз каналға жіберілген файлдарды кез келген уақытта «Файлдар» қосымша бетінен қарай аласыз.

### **@Қолданушыларды белгілеу**

- Өз хабарламаңызды енгізетін жолға @ қойып, содан кейін адам есімінің алғашқы бірнеше әрпін жазыңыз. Сіз сондай-ақ @ тұтас командалар мен каналдарды белгілей аласыз.
- Өзіңізге кім керек, соны таңдаңыз. @ белгілегіңіз келетін адамдардың барлығы үшін осы рәсімді қайталаңыз.
- Сіз @ белгілеген әр адам өзінің белсенділік легіне ескерту хат алады.



<https://www.youtube.com/?gl=KZ>

## YOUTUBE

**Youtube** – қолданушыларға бейнені сақтау, жеткізу және көрсету қызметтерін ұсынатын бейнехостинг. Қолданушылар қандай да болсын бейнежазбаларды жүктеп, қарап, баға беріп, пікір қалдырып, таңдаулыға қоса алады және бөлісе алады.

Кез келген ресурсты қолданушы жеке интернет-арнасын құрып, соның шеңберінде белгілі бір аудиторияға бағытталған бейнеконтентті салып отыра алады.

Егер сіз бейнехостинг қолданушысы болып, оның құрылымын бағдарлау мүмкіндігін иеленгіңіз келсе, сайтқа тіркелгеніңіз жөн. Әрине, бейнелерді тіркелмеген қолданушылар да қарай алады, бірақ авторизациядан өткен жағдайда сізде бірнеше қосалқы мүмкіндіктер пайда болады.

Қатысушылар саны	Экранды көрсету	Құны
Шектеусіз	Иә	Тегін



<https://apps.google.com/meet/>

## GOOGLE MEET

**Google Meet (бұрынғы Hangouts Meet)** – кез келген көлемдегі компанияға үйлесетін және бейнеконференциялар, қашықтан әңгімелесулер, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін Google Hangouts платформасының бизнеске бағытталған нұсқасы.

Бастапқыда бұл өнім бизнеске арналған қорғалған бейнеконференциялар сервисі ретінде құрылған. Қазір ол мүлдем тегін және барлығына қолжетімді.

Жеке тұлғалар Google Meet-ті қорғалған бейнекездесулерді өткізу үшін тегін пайдалана алады. Ұйымдар Meet-тің кеңейтілген мүмкіндіктеріне, сондай-ақ Google Дискке, бизнеске арналған Құжаттарға, Кестелер мен Таныстырылымдарға қол жеткізу үшін G Suite Essentials-ты қолдана алады.

Шақырылған қатысушылар онлайн-бейнеконференцияларға өз компьютерлерінен кез келген заманауи браузердің көмегімен – қосымша БҚ (бағдарламалық қамту) қондыру қажеттілігінсіз қосыла алады. Ал ұялы құрылғыларда Google Meet қосымшасын пайдалануға болады.

### **Google Meet мүмкіндіктері:**

#### **Шектеусіз кездесулер саны**

Барлығымен – әріптестермен, оқушылармен, студенттермен, қаншалықты қажет, соншалықты байланыста бола аласыз.

Кездесуге 100 қатысушыға дейін шақыруға болады. Егер сіз Google Meet-тің тегін нұсқасын қолданып жүрсеңіз, қауіпсіздік мақсатында өзіңіз шақыратын әрбір адамның кездесуге қосылуы үшін өзінің Google аккаунтына кіруі қажет болады.

#### **Корпоративтік іс-шараларды трансляциялау**

Іс-шараларды, мысалы, оқушылардың, педагогикалық ұжымның жалпы жиналысын тікелей трансляциялап өткізуге болады. Оларды сіздің доменіңізден бір мезгілде 100 000-ға дейін қолданушы қарай алады.

#### **Кездесу кезінде хабарлама алмасу**

Хабарлама алмасу функциясы қатысушылардың кездесуге ынтасын арттыруға мүмкіндік туғызады. Әңгімелесушілермен

файлдармен, сілтемелермен және басқа да контентпен бөлісу үшін чат белгішесін басыңыз. Жіберілген хабарламалар ағымдағы кездесудің аяғына дейін қолжетімді болады.

### **Кездесулерді ұйымдастырушылар үшін басқару құралы**

Кез келген қатысушы терезені бекітіп, микрофонды өшіріп немесе басқа қолданушыны шығарып жібере алады. Құпиялықты қамтамасыз ету мақсатында сіз басқа қатысушының микрофонын қоса алмайсыз. Одан өздігінен қосуды сұрайсыз.

Оқу аккаунттарын қолданған кезде микрофондарды өшіруді және қолданушыларды шығарып жіберуді кездесу ұйымдастырушы істей алады.

### **Алдын ала қарау экраны және бейне мен дыбысты теңшеу**

Кездесудің кодына немесе сілтемесіне басу арқылы камера мен микрофонды теңшеп, өзіңіздің экранда қалай көрінетініңізді қарап алуға болады. Сонымен қатар сіз кездесуге кімдердің қатысып отырғанын алдын ала көре аласыз.

### **Қатысушыларға экранды көрсету**

Таныстырылым өткізу не болмаса құжаттармен бірлесіп жұмыс істеу үшін экранды толығымен немесе қажетті қосымша терезесін көрсетіңіз.

### **Экранды теңшеу және терезелердің орналасу сызбалары**

Meet бейнекездесу экранындағы терезелердің орналасуын маңызды контентке және белсенді қатысушыларға назар аударту үшін автоматты түрде өзгертіп отырады.

Терезелердің орналасу сұлбасын өзгерту үшін Meet экранының төменгі бұрышындағы үш нүкте түріндегі белгішені басу қажет.

### **Әртүрлі құрылғылармен үйлесімділігі**

Google Meet кез келген құрылғыда жұмыс істейді. Кездесуге компьютердің немесе ноутбуктің көмегімен, сондай-ақ Android немесе iPhone/iPad құрылғыларынан қосылуға болады.

### **Google және Microsoft Office қосымшаларымен ықпалдастығы**

Кездесулерге тікелей Gmail немесе Күнтізбеден қосылыңыз.

Шақырылғандар тізіміне енген Microsoft Office қолданушылары кездесуді өздерінің Microsoft Outlook күнтізбелерінен көреді.

### **Толық бақылау**

Кездесулерге арналған қауіпсіздік функциялары әдепкі қалпы бойынша енгізілген. Meet-те Google қабылдаған қауіпсіздікті және құпиялықты қамтамасыз ету амалдары қолданылады. Meet бейнеконференцияларының мәліметтері жіберу үдерісінде шифрланады.

Google Meet қолданушы қай жерде болмасын, үздік бейнебайланысты қамтамасыз ету үшін сіздің желідегі деректер жіберу жылдамдығына қарай ыңғайланып отырады. Жасанды интеллект



элементтері бар жаңа технологиялар күрделі жағдайлардың өзінде сурет пен дыбысты жоғары сапада сақтауға мүмкіндік береді.

<b>Қатысушылар саны</b>	<b>Экранды көрсету</b>	<b>Құны</b>
100	Иә	2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін тегін



<https://www.wiziq.com/>

## WIZIQ

Білім беру саласы үшін арнайы жасақталған заманауи **WizIQ виртуалды сыныбы** сыныптағы бетпе-бет өтетін сабақтарға ұқсату үшін қажетті барлық функциялар мен құралдарды ұсынады. Онда нақты уақыт режимінде аудиовизуальдық қарым-қатынас сияқты функциялар, мәтіндік чат, талқылау бөлмелері, интерактивтік тақталар, экранды бірлесіп пайдалану, онлайн-тестілер және бағалар, қатысу туралы есептер мен ескертулер, сауалнамалар және тағы басқалары бар.

WizIQ оқытушылар үшін қолжетімді болып табылатын анағұрлым тегіс қамти алатын онлайн-оқыту жүйесінің ұсынады. Педагогтер бейнелі сабақтардан тұратын синхронды курстар немесе өз бетінше бейсинхронды оқыту курстарын жасақтай алады. Бұл оқытушылардың өз оқу бағдарламаларына іс жүзінде Word, PDF, PPT, аудио- және бейнефайлдар сияқты кез келген үлгідегі оқу бағдарламалары мен файлдарды қосу мүмкіндігін береді.


WizIQ Virtual Classroom-ды қолдану үшін жүктеу немесе қолайсыз клиенттік бағдарламалық қамту талап етілмейді. Ол кез келген веб-браузерден жұмыс істейді, сонымен бірге iPad және Android құрылғылары үшін қосымшалар ұсынады. Бар болғаны, веб-қосылым керек.

Оның көп тілді интерфейсі бар және 20 тілді сүйемелдейді. WizIQ Virtual Classroom сондай-ақ Moodle, Blackboard, Instructure Canvas, Sakai, Joomla сияқты оқытуды басқару жүйелерімен немесе API WizIQ арқылы кез келген веб-сайтпен ықпалдаса алады.

Білім беру саласы үшін арнайы жасақталған: Интернетте оқытуға қажетті функциялардың кейбірін ғана ұсынатын басқа платформалардан айырмашылығы – WizIQ Virtual Classroom Интернетте сабақтар өткізуге қажетті барлық құралдардың әмбебап дүкенін ұсынады. Платформа оқытушыға виртуалды сыныптан бастап бағалау құралдары мен контент алмасу мүмкіндіктері бар курстарды жасақтауға және өткізуге мүмкіндік беретін функционалдыққа дейін онлайн режимінде оқытуға қажеттінің бәрін ұсынып отыр.

Қатысушылар саны	Экранды көрсету	Құны
10	Иә	10 адамға дейінгі шектеумен тегін. Айына 40\$-дан бастап

## 2-ТАРАУ. Контентті жеткізу (оқу материалдары, тапсырмалар)





<https://prezi.com/>

## PREZI

**Prezi** – бұл желісіз құрылымы бар интерактивтік мультимедиалық таныстырылымдар жасауға көмектесетін веб-сервис. PowerPoint-та жасалған қалыпты таныстырылымдардың тамаша аналогы болып табылады. Ерекше құрылымы мен ақпаратты бере білуінің арқасында, аталмыш сервисе жасалған таныстырылымдар серпінді, әрі қызықты бола түседі, ал дайын шаблондардың мол жиыны көп жағдайда әсерлі таныстырылымдар жасау жолын жеңілдетіп береді.

Таныстырылымдар жасауға арналған Prezi.com сервисі бейнематериалдарды, графикаларды және т.б. пайдалану арқылы таныстырылымдарды визуалдауға арналған мүмкіндіктердің мол түрін ұсынады.

Prezi.com веб-сервисінің жұмысы масштабтау (нысандарды жақындату немесе алыстату) технологиясына негізделген. Таныстырылымы слайдтарға бөлінетін Microsoft PowerPoint немесе OpenOffice Impress арқылы жасалған «классикалық» таныстырылымнан айырмашылығы – Prezi-де негізгі эффектілер слайдтан слайдқа көшумен емес, осы слайдтың жекелеген бөліктерін үлкейтумен байланысты.

Сервис интерфейсінің тілі – ағылшын тілі. Таныстырылымдардағы мәтін кез келген тілде болуы мүмкін.



## SLIDESHARE

**SlideShare** — бұл таныстырылымдарды орналастыру және сақтауға арналған танымал сервис, оның беттерінде слайд түрінде өзіңізге қажетті ақпаратты орналастыра аласыз және тауып ала аласыз.

Сервисті жобалардың таныстырылымдарын, портфолио және т.б. сақтау үшін пайдаланған өте ыңғайлы. Жалпы қолжетімділік, рейтингтер, пікірлер жүйесі сервис беттерінде талқылауға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар сайттан сіз педагогикалық практикаңызға пайдасы тиюі мүмкін көптеген дайын таныстырылымдарды да таба аласыз.



<https://www.canva.com/>

## CANVA

**Canva** – бұл сапалы мұқабалар, таныстырылымдар, әлеуметтік желілерге арналған посттар, баннерлер және басқа да материалдар жасауға көмектесетін онлайн-сервис. Аталмыш редактормен жұмыс істеу арнайы білімді талап етпейді. Бар болғаны, аккаунт ашу керек. Қалған іс-әрекет интуитивті түрде түсінікті болады. Сондықтан сервис үлкен аудиторияға пайдалы болатыны анық.

Таныстырылымдарға арналған Canva бағдарламасы кез келген тақырыпта таныстырылымдар жасау үшін жүздеген керемет дизайнерлік макеттерге тегін қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жай ғана мінсіз суреттерді, шрифттері мен түстерді таңдап алыңыз да, өз идеяңызды аудиторияға үлкен талғаммен жеткізе біліңіз!



<https://www.google.com/slides/about/>

## GOOGLE ТАНЫСТЫРЫЛЫМДАРЫ


**Google таныстырылымдары** – Google компаниясынан таныстырылымдарды жасауға, редакциялауға және жариялауға арналған онлайн-сервис.

Google таныстырылымдары – аудиторияға жаңа идеяларды ұсынудың тамаша тәсілі. Көптеген тақырыптар, шрифттер, кіріктірілген бейнелер, анимация тәсілдері мен басқа да құралдар Сіздің иелігіңізде болады. Әрі мұның бәрі тегін!

Таныстырылымдарды кез келген құрылғыда – телефонда, планшетте немесе компьютерде жасауға, редакциялауға және қарауға болады. Осының барлығын Интернетке қосылмай-ақ жасауға болады.

Бірнеше қолданушының бір таныстырылым бойынша бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі, сонымен қатар кіріктірілетін бейне, баяндамашының ескертпелері, анимация және т.б. сияқты құралдардың мол жиыны ыңғайлы функция болып табылады.

Өзгерістердің барлығы жұмыс уақытында автоматты түрде сақталып отырады. Бұдан өзге, өзгерістер тарихының арқасында, өзгертілген күні мен авторы бойынша іріктелген таныстырылымның бұрынғы нұсқаларының тізімін көруге болады.



<https://classroom.google.com/>

## GOOGLE CLASSROOM

**Google Classroom** – оқытуды толығымен онлайнға көшіруге мүмкіндік беретін платформа: тақырыптар бойынша сабақтар құрастыру, материалдар қосу, үй тапсырмасын беру және тексеру.

Google-дың арнайы оқыту үшін ұйымдастырылған пайдалы сервистерін біріктіреді. Платформада келесі әрекеттерді жүзеге асыруға болады:

- өз сыныбын/курсын құру;
- оқушылардың курсқа жазылуын ұйымдастыру;
- оқушылармен қажетті оқу материалымен бөлісу;
- оқушыларға арналған тапсырмаларды ұсыну;
- оқушылардың тапсырмаларын бағалау және олардың жетістіктерін бақылап отыру;
- оқушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру.

### **Google Classroom артықшылықтары**

#### **Қарапайым теңшеу**

Оқытушылар курстар ұйымдастырып, оған оқушылар мен басқа оқытушыларды шақыра алады. Курс легінде тапсырмалар, хабарландырулар мен сұрақтар жариялаған ыңғайлы.

#### **Уақыт пен қағазды үнемдеу**

Оқу үдерісін жоспарлау, курстар құрастыру, тапсырмалар тарату және оқушылармен сөйлесу – осының барлығын бір сервисте жасауға болады.

#### **Ыңғайлылық**

Оқушылар тапсырмаларды лектен немесе курс күнтізбесінен не болмаса «Істер тізімі» бетінен қарай алады. Барлық материалдар Google Дисктегі бумаларға автоматты түрде қосылып отырады.

#### **Нәтижелі қарым-қатынас**

Класста оқытушылар тапсырмаларды жариялап, хабарландыруларды таратып және талқылауларды бастап отырса, оқушылар материалдармен алмасып, курс легіне пікірлер қалдырады және электрондық пошта арқылы қарым-қатынасқа түседі. Тапсырылған жұмыстар туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады,

мұның өзі оқытушылардың тапсырмаларды жылдам тексеріп, бағалар қоюына және пікірлер қалдыруына мүмкіндік береді.

**Танымал сервистермен ықпалдастық**

Класста Google Құжаттармен, Күнтізбемен, Gmail, Дискпен және Формалармен жұмыс жасауға болады.

**Қолжетімділік және қауіпсіздік**

Класс – бұл тегін сервис. Онда жарнама жоқ, ал оқушылардың материалдары мен мәліметтері маркетинг мақсатында қолданылмайды.





<https://padlet.com/>

## PADLET

**Padlet** (-let – бұл ағылшын тіліндегі кішірейткіш жұрнақ, pad – мағыналарының бірі – «блокнот, планшет») **желілік сервисі** бүгінгі таңда виртуалды тақталар жасауға арналған ең танымал онлайн-құралдардың бірі болып табылады. Аталмыш сервис әр оқушыға жұмысын тақтаға шығару, ал оқытушыға әр қайсына пікір қалдыру және баға қою мүмкіндігін береді.

Бұл әдеттегі тақтаның онлайн түрі. Оған ескертпелер, суреттер, фотосуреттер (соның ішінде Сіздің құрылғыңыздағы веб-камерадан), файлдар мен сыртқы ресурстарға сілтемелер бекітуге болады. Ол жай қабырға жобасы, виртуалды қабырғаны ақпаратпен толықтыратын бірнеше қатысушының модельдеген қабырғасы немесе кез келген қолданушы оқи және редакциялай алатын ақпарат алмасу алаңы болуы мүмкін.

Тақтаны сонымен бірге оқу-әдістемелік, бақылау-өлшеу және басқа да материалдарды орналастыру үшін оқытушы да пайдалана алады. Осылайша, тақтаға электрондық үлгідегі кез келген материалды орналастыруға болады.

Әдетте сервисі де, ондағы жұмыстың нәтижесін де «падлет/падлеттер» деп атайды. Сервис – тегін, орыс тілді нұсқасы бар, меңгерілуі қарапайым және ешқандай бастапқы даярлықты талап етпейді. Сайтқа кірген кезде қолданушы сервис мүмкіндіктеріне бірден ие болады және оның функцияларын тіркелусіз-ақ пайдалана бастайды.

Padlet сервисін қолданудың артықшылықтарына мына мүмкіндіктерді де жатқызуға болады:

- виртуалды тақта дизайнын таңдау мүмкіндігі;
- нақты режим уақытында ұжымдық қызметті және визуалды контентпен жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі;
- материалдарды кез келген тасымалдағыштан, сонымен қатар Интернет желісінен де (фото-, бейне-, аудиофайлдар) орналастыру мүмкіндігі.



<https://nearpod.com/>

**NEARPOD**

**Nearpod** – мұғалімдердің сабақтарға арнап таныстырылымдар жасауына және оларды оқушыларға тура сабақ уақытында көрсетуіне мүмкіндік беретін платформа. Ұялы телефондар үшін тиімді жасалған.

Электрондық пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы таныстырылым кодын жіберу қажет, сөйтіп, балалар өздерінің ұялы телефондарынан ортақ іске қосылады. Сабаққа өз бетінше қарқын бере отырып, слайдтарды парақтауға болады, балаларды шығармашылық тапсырмаларды орындауға тартып, нақты уақытта нәтижені қадағалап отыруға болады.

Nearpod басқа қосымшаларға тәуелсіз. Сессияларға кез келген құрылғыдан және кез келген платформадан (iOS, Android, Windows Phone) қатысуға болады. Таныстырылымдармен жұмыс істеу үшін планшеттер мен ноутбуктер де жарайды, бірақ әзірлеушілер интерфейстің ұялы телефоннан қосылуға ыңғайлы болуына айрықша назар аударған.

Nearpod-пен жұмыс істеуді бастау үшін сайтта тіркелу қажет (ол үшін әлеуметтік желілердегі өзіңіздің профиліңізді немесе электрондық поштаны пайдалануға болады). Құрылған сессияға шақырту бойынша қосылатындар үшін тіркелу талап етілмейді.

Платформада кириллица жоқ екенін есте ұстаған жөн. Таныстырылым құрастырған кезде сіз өз мәтініңізді дұрыс көре аласыз, алайда басқалар үшін ол көрінбейді.

Nearpod-тың тегін нұсқасы суреттері, мәтіндері мен аудиожолақтары бар слайдтар жасауға, сонымен қатар онлайн сессияға қатысуға 30 оқушыға дейін шақыруға мүмкіндік береді.

Nearpod Gold ақылы нұсқасы анағұрлым көп мүмкіндіктер ұсынады: слайдшоу жасау, бейнефайлдар енгізу, викториналар жасау, ашық сұрақтар, сурет салуға арналған құралдар, графиктер мен диаграммалар қосу.

Құрастырылған таныстырылымдарды PDF форматында сақтауға және офлайн жұмыс үшін таратуға болады. Тағы бір пайдалы функциясы — үй тапсырмасы. Мұндай режимде оқушылар жалпы сессияға қосылмай-ақ таныстырылыммен өз бетінше жұмыс істей алады.

Сервис онлайн-дүкен қызметтерін ұсынады: басқа мұғалімдер жасаған таныстырылымдарды сатып алуға болады, ал олардың кейбірі тегін таратылады.



<https://www.peardeck.com/googleslides>

## PEAR DECK

**Pear deck** — мұғалімдерге енгізілген тапсырмалар бар таныстырылымдарды әзірлеуге және оларды кез-келген құрылғыда көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет. Оқытушы слайдтарды өз компьютерінде (немесе планшетте) ауыстырады, ал оқушылар таныстырылымды өз құрылғыларында қарастырады, сұрақтарға жауап береді және тапсырмаларды орындайды. Жауаптарды нақты уақытта үлкен экранға шығаруға болады.

Таныстырылым слайдтарында мәтіндік ақпараттан бастап, тәжірибені визуалдауға дейін әртүрлі мазмұн болуы мүмкін. Pear Deck-тың «ерекшелігі» мынада: бұл қосымша белсенді сессия кезінде мұғалімге бірден кері реакция алуға және материалдың қаншалықты игерілгендігін түсінуге мүмкіндік береді. «Quick Question» құралдары арқылы аудиторияға нақты уақытта сұрақтар қоюға болады. Бұл әрі қарай жылжуға дайын болу туралы қарапайым сұрақтар, тест тапсырмалары және слайдтың суретінде бір нәрсені белгілеу туралы өтініштер болуы мүмкін.

Pear Deck қосымшасы мектеп сабақтары мен қашықтан оқыту үшін қолданылуы мүмкін. Қазіргі уақытта құрал тек ағылшын тілінде қолжетімді. Chrome интернет дүкенінде Pear Deck-тің негізгі тегін нұсқасын жүктеп алуға болады.

## SCREENCAST MATIC

<https://screencast-o-matic.com/>

### SCREENCAST-O-MATIC

**Screencast-O-Matic** — бұл аудио немесе мәтіндік түсініктемелермен жиі бірге жүретін, экранда болып жатқан бейнелерді жазу қызметі. Бағдарлама немесе сервис мүмкіндіктерін көрсетуге және оқыту роликтерін жасауға арналған.

Жұмысты бастау үшін тіркелудің қажеті жоқ. Жұмысты түрлі әлеуметтік сервистерде жариялауға болады. Жұмыс істеу үшін компьютерде Java қолдауы орнатылған болуы керек.

Бұл сервистің қызықты ерекшелігі курсор позициясын айналадағы позициясын шеңбермен белгілеу болып табылады. Бұл экранда тышқан әрекеттерін үлкен жайлылықпен бақылауға және скринкаст жазу режимінде үзіліс жасауға мүмкіндік береді.

Screencast-O-Matic — түрлі бейненұсқауларды жазу үшін ыңғайлы бағдарлама. Бұл бағдарлама компьютер экранында болып жатқан барлық әрекеттерді жазып, содан кейін YouTube қосымшасында бейнеролик жариялауға мүмкіндік береді. Screencast-O-Matic қолданушылары веб-камерадан бейнелерді жазып, оны MP4, AVI және FLV форматтарында сақтай алады. Бұл ретте бағдарлама әзірлеушілері ұсынатын сервис бейнені компанияның тегін хостингінде жариялауға мүмкіндік береді (дегенмен бір бейнеролик жүктеу үшін 15 минут қана беріледі). Screencast-O-Matic интерфейсі интуитивті түсінікті. Бағдарлама ыстық пернелерді қолдайды, бейнеролик өлшемін теңшеуге, оған түсініктеме қосуға, ал YouTube-те жариялаған кезде роликті барлық қажетті деректермен (тақырып, сипаттама, тегтер, санат және т. б.) қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы сервисті пайдаланудың мүмкін нұсқаларының тізімі:

- Оқушылар немесе әріптестер үшін техникалық бейнероликтер жазу (бағдарламалармен және сервистермен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтар);
- Оқу тақырыбын түсіндіретін бейнежазба;
- Бетпе-бет жұмыс істеу барысында сабақты немесе дәрісті жазу (егер маңызды тұсты түсіндіру қажет болса, жазбаны бірден қосуға болады және оқушыларға материалды түсіндірумен қатар олар кейін көре алатын жазба жазуға болады);

- Жаттығулар мен мысалдар шешімдерін жазу (қайталау ға немесе өзін тексеруге арналған жинақты жинау);
  - Тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулар берілген бейнежазба жасау;
  - Мұғалімнің кітапты оқуын жазу;
  - Оқушылардың өздері нұсқаулар немесе түсіндірмелер берілген бейнероликтер жасай алады.

## 3-ТАРАУ. Бағалау (тестілеу)





<https://learningapps.org/>

## LEARNING APPS

**Learning Apps** — интерактивті модульдер (қосымшалар, жаттығулар) арқылы оқу процесін қолдауға арналған қосымша. Бұл онлайн-сервис модульдер құруға, оларды сақтауға және пайдалануға, педагогтер арасында еркін алмасуды қамтамасыз етуге, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруға (соның ішінде, жаңа модульдерді құру бойынша) мүмкіндік береді.

LearningApps.org ана тілі — неміс, бірақ сайтта көп тілді қолдау жүзеге асырылған. Алайда кейбір сөз тіркестерінің нақты аудармасы жоқ. Сондықтан да кей кездері сервисте аударылмаған сөз тіркестері немесе қателер кездесіп жатады.

Функционал және навигацияны түсіну өте оңай. Ол үшін басты беттің жоғарғы жағында «барлық жаттығуларды» басу жеткілікті, сонда басқа қолданушылар жасаған және жариялаған жаттығулар тізімі ашылады.

Өз тапсырмаларыңызды жасау және сақтау үшін тіркелу қажет. Тіркеуден өткеннен кейін оқушылар үшін интерактивті жаттығу жасауға көмектесетін үлгілер қолжетімді болады.

Learning Apps үлгілері функционалдық белгілері бойынша топтастырылған:

- Таңдау — дұрыс жауапты таңдауға арналған жаттығулар;
- Бөлу — сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар;
- Бірізділік — дұрыс бірізділікті анықтау;
- Толтыру — қажетті жерлерге дұрыс жауапты қоюды талап ететін жаттығулар;
- Онлайн ойындар — оқушы компьютермен немесе басқа оқушылармен жарысатын жарыс-жаттығулар.

Тапсырманы құрастырып, оны бірден жариялауға немесе жеке пайдалану үшін сақтауға болады. Дайын ресурстар тіркелмеген қолданушылар үшін де қолжетімді. Басқа қолданушылар жасаған тапсырмаларды «байлау» өрісіндегі тапсырманың төменгі жағындағы сілтемені көшіру арқылы көптеген блогер мұғалімдер істейтін сияқты өзіңіздің жеке сайтыңыздың бетіне қоюға болады.



Сонымен қатар сіз өз оқушыларыңыз үшін аккаунт құрып, дәл осы сайтта олардың білімін тексеру үшін өз ресурстарыңызды қолдана аласыз.



edpuzzle

<https://edpuzzle.com/>

## EDPUZZLE

**Eddpuzzle** — аудио және мәтіндік ескертулер, сұрақтар және тапсырмалары бар бейнефрагменттерді жасауға арналған тегін сервис. Edpuzzle Google-класспен ықпалдасқан. Бір бейне негізінде ашық сұрақтар түрінде немесе бірнеше жауаптың біреуін талап ететін интерактивті викторина жасауға, бейнесюжетке дауыстық түсініктемелер мен түсіндірмелер беруге немесе оны толығымен дыбыстауға болады. Сынып құруға және оқушылардың қайсысы бейнежазбаны көргенін және ұсынылған тапсырмаларды қалай орындағанын бақылауға мүмкіндік бар. iPhone және iPad үшін сервистің мобильдік версиялары бар.

Қызметке тіркелу электрондық пошта мекен-жайын, сонымен қатар Google+ аккаунтын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тіркелу үшін аккаунттың екі түрі бар: мұғалім (Teacher) және оқушы (Student). Мұғалім ретінде сайтта бейнесабақтар жасауға, сыныптарды ұйымдастыруға және оларға оқушыларды шақыруға болады. Оқушы ретінде құрылған сыныптарға қосылуға және бейнежазбаға арналған тапсырмаларды орындауға болады.



**vialogues**

<https://www.vialogues.com/>  
**VIALOGUES**

**Vialogues** — YouTube, Vimeo немесе компьютерден (1 Гб шектеу) жүктелген бейнероликтерді ұжым болып талқылауға мүмкіндік беретін сервис.

Бейнероликтің белгілі бір кадрларына оқытушы талқылауды ұйымдастыру үшін пікірталасқа сауалнама қоса алады. Сервисте тіркелген оқушылар (студенттер) бейнероликке (жауаптарға) пікірлер жазып, бекіте алады. Оқытушы сынып, топ құра алады. Сервисте тіркелу электрондық пошта мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады.

Бейнероликпен жұмыс істеу үшін қатысушылар алдын-ала сервисте тіркелуі тиіс. Олар сілтеме бойынша бейнесабақты ашады, роликті қарайды және мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді не болмаса өздерінің комментарийлерін қалдырады.



**naryak**

<https://corp.naryak.com/>

**НАРҮАК**

**Наруак** — интерактивті бейнеролик жасауға арналған онлайн сервис. Сіз YouTube, Vimeo, Brightcover, Wistia, Vzaar, JWPlayer, VideoJS, FlowPlayer, HealthStream және т. б. бейнелерді негізге алуға, сондай-ақ өзіңіздің жеке компьютеріңізден жүктей аласыз.

Тегін аккаунтта бес интерактивті бейнеролик жасауға болады.

Бір бейнеролик негізінде ашық және жабық сұрақтардан құралған интерактивті викторина жасауға; аңдатпалар (аннотация), комментарийлер мен суреттерді бекітуге, басқа веб-ресурстарға сілтемелер қоюға, бейнероликке бейнероликті кіріктіруге, сондай-ақ бейнероликті бөліктерге бөлуге («тараулар») және көрігу анағұрлым ыңғайлы ету үшін «тараулар» негізінде мәзір құруға болады.

Бейнесюжеттің үстінен сурет салу мүмкіндігі бар. Наруак арқылы жасалған интерактивті бейнероликпен жұмыс істеу үшін көрермендерге тіркелудің қажеті жоқ.



**Mentimeter**

<https://www.mentimeter.com/>

## MENTIMETER

**Mentimeter** — аудиториядан жылдам кері байланыс алуды көздейтін қарапайым және қолжетімді дауыс беру құралы. Оны аудиторияда нақты уақыт режимінде оқушылардан сауалнама алу мақсатында қолдану ыңғайлы, себебі ол мобильді құрылғыларда да, электрондық ортада да қолжетімді.

Онлайн-сауалнама әртүрлі жауап түрлері бар сұрақтар тізбегін қамтуы мүмкін:

- бірнеше таңдау (бір немесе бірнешеудің бірнешеуі);
- ашық жауап;
- шкала бойынша бағалау;
- 100% шегінде жауаптарды саралау;
- жазық координаталық жазықтықта жауапты нүкте түрінде енгізу.

Бұл құралмен жұмыс істеу үшін ұялы телефонға қосымша БҚ (бағдарламалық қамту) жүктеу қажет емес.



<https://kahoot.com/>

## КАНООТ

**Kahoot** — кез-келген оқу пәні мен кез-келген жасқа сай келетін ойын түрінде оқытуға арналған тегін платформа. Оның көмегімен тест, сауалнама, оқу ойынын жасауға немесе білім марафонын ұйымдастыруға болады. Қосымша жұмыс үстелі нұсқасында да, смартфондарда да жұмыс істейді. Kahoot қосымшасының көмегімен онлайн сауалнамалар, пікір-таластар және викториналар жасауға және жүргізуге болады.

Kahoot-та жасалған тапсырмалар оларға суреттерді және тіпті, бейнефрагменттерді қосуға мүмкіндік береді. Викториналарды, тестілерді орындау қарқыны әр сұрақ үшін уақыт шегін енгізу жолымен реттеледі. Ықыласы болған жағдайда мұғалім қойылған сұрақтардың жауаптары үшін балл енгізе алады: дұрыс жауаптары және жылдамдығы үшін. Табло мұғалім компьютерінің мониториянда көрсетіледі.

Тестілеуге қатысу үшін оқушылар сервисті ашып, мұғалімнің өз компьютерінен ұсынатын PIN-кодты енгізуі керек. Оқушы үшін өз құрылымысынан дұрыс жауапты таңдау ыңғайлы. Жауап нұсқалары геометриялық фигуралармен беріледі.

Kahoot көмегімен онлайн іс-шараны өткізу сауалнама, пікірталас немесе викторинаны жүргізуші тарапынан іске қосылған кезде ғана синхронды режимде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, егер сұрақта сурет немесе бейнефрагмент кездесетін болса, оларды тек оқытушының экранынан ғана көруге болады.

Қазіргі уақытта бағдарлама толығымен тегін.

Бағдарламамен жұмыс істеу үшін сайтқа тіркелу қажет. Аудиторияда сауалнама, пікірталас немесе викторина өткізу үшін техникалық құрылғылар қажет: оқытушыға бейне/суретті трансляциялайтын жеке компьютер; оқушыларға Интернет желісіне шығатын смартфондар немесе планшеттер.

Kahoot ерекшеліктерінің бірі — уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін тестілерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі.



<https://quizizz.com/>

## QUIZZ

**Quizizz** Kahoot-ке өте ұқсас оқушыларды бағалаудың интернет құралы болып табылады, бірақ кейбір айырмашылықтары бар.

Біріншіден, сыныпта викторинаны іске қосқан кезде оқушылар өз қарқынымен қозғала отырып, сұрақтарға жауап береді және осы орайда олар басқа қатысушылардың жауап беру жылдамдығына тәуелді болмайды.

Екіншіден, Quizz-да құрастырылған викторинаны орындауды жоспарлап қоюға болады, яғни оны үй жұмысы ретінде ұсынуға болады. Kahoot-та осы опцияны өзінің функционалына қосты.

Үшіншіден, «уақыт» параметрін алып тастау мүмкіндігі бар, сонда оқушы өтіп бара жатқан уақыт туралы емес, берілген сұрақ төңірегінде асықпай ойлана алады. Сондай-ақ бұл сұраққа жауап беру кезінде оқулықтың параграфын, оқулықтағы параграфты, кітаптың тарауын не болмаса қажетті ақпаратты гугл жүйесінен тауып алуға мүмкіндік береді.

Бұл құралдың көмегімен мыналарды жүзеге асыруға болады:

- оқу және үйреу үдерісін қолдау;
- ойындар мен викториналар өткізу;
- жарыстар ұйымдастыру;
- тест жүргізу;
- үй жұмысын жүргізу;
- әр оқушының нәтижелерін бақылау;
- әр оқушыға автоматты түрде кері байланыс беру.



wizer.me

<https://wizer.me/>

## WIZER.ME

**Wizer.me** тегін, қолдануға оңай, тапсырмалар мен жаттығулары бар, соның ішінде бейнеролик негізінде әзірленген, интерактивті жұмыс парақтарын жылдам жасауға арналған жылдам құрал.

Интерактивті жұмыс парағы (ИЖП) дегеніміз мұғалімнің бұлттық сервистер мен веб-құралдардың көмегімен білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың сандық құралы.

Wizer қашықтан оқытуда оқушылардың үй жұмыстарын орындау, сыныпта компьютер мен интерактивтік тақтада тиімді жұмыс істеу мақсатында интерактивті жұмыс парақтарын құрастыруға және қолдануға мүмкіндік береді.

Wizer-де интерактивті тапсырмаларды бірнеше жолмен құрастыруға болады.

- ашық жауабы бар сұрақ;
- жауапты таңдау мүмкіндігі бар умен сұрақ (балама тест);
- бейнероликке, суретке комментарий жазу;
- сәйкестік тестілері;
- сәйкестендіру/реттілікті анықтау тапсырмалары;
- кестені толтыру;
- мәтіндегі бос орындарды толтыру;
- суретке түсініктеме толтыру;
- бос орындарды толтыруды көздейтін сандық диктант.

Бейнероликтер мен суреттерді орналастыруға және оларға жазбалар немесе оқушыларға арналған тапсырмаларды бекітуге болады.

Wizer-де жасалатын барлық дүниені оқушылар Google Класста қолдана алады. Не болмаса оқушыларға сілтеме жібере салуға болады.

Бұл қызметтің үлкен артықшылығы — жұмыс парағына енгізуге болатын суреттер және бейнероликтермен жұмыс істеуге арналған үлкен мүмкіндіктер.

Сервис платформасында дидактикалық материалды құрастыру бойынша педагогтердің бірлескен қашықтан жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

## 4-ТАРАУ. Күнтізбелер (сабақтарды жоспарлау, сабақ кестесі, тайм-менеджмент)







Google Calendar

<https://www.google.com/calendar/about/>

## GOOGLE КҮНТІЗБЕ

**Google Күнтізбе** — тапсырманы жоспарлаушы. Онда белгілі бір күнде орындалуы тиіс міндет карточкалары жасалады. Барлық тапсырмалар бойынша поштаға хабарлама келеді. Егер де қандай да бір тапсырмалар орындалмаса немесе жеделдікті талап етпесе, оларды күнтізбеде басқа күнге ауыстыруға болады. Құрал әмбебап және күнделікті тапсырмалармен қатар бизнес үдерістерді жоспарлау үшін қолайлы.

**Google Күнтізбеде не істеуге болады:**

**Күнделікті міндеттері бар to-do парағын құру** — поштаны тексеру, оқушылардың жұмысын тексеру, оқушыларға үй жұмысы туралы ескерту жасау және т. б.

**Контент жоспарын әзірлеу** — өз блогын, арнасын, әлеуметтік желілердегі бетті жүргізетіндер үшін ыңғайлы. Эфир тақырыптарын жазып шығуға, олардың саны мен жалғасын анықтауға, жарияланымдарды қай күні шығару керектігін белгілеп қоюға болады;

**Оқушылар үшін тапсырмалар тізімін жасау** — оқушылар үшін бірнеше күнтізбелер жасауға және әрбір оқушыға апта немесе ай бойында қандай міндеттер орындау керектігін жазып, жоспарлап қоюға болады. Сондай-ақ кез-келген оқушы өзінің шағын жоспарын құрып, оның орындалуын бақылай алады. Күнтізбе жобалар аясында бірлескен жұмысты жүзеге асыру мақсатында жиі қолданылады.

**Кездесулер кестесін жасау** — маңызды кездесуді жіберіп алмауға көмектеседі.

**Сабақ жоспарларын құру.**

**Іс-шаралар мен оқиғалар туралы ескертулерді орнату** — кездесулерді есте сақтау және жоспарлау.

Күнтізбеге сілтемені басқа қолданушыларға (әріптестерге, оқушыларға, ата-аналарға) жіберу оңай.



<http://schoodle.ru/>

## SCHOODLE

**Schoodle** — оқу кестелерін жасау және жариялау үшін тегін веб-сервис. Сервис барлығы үшін және мәңгілікке тегін болып табылады.

Schoodle сервисінде кез-келген адам өзінің оқу кестесін жүктеп, жариялай алады және оның мобильді нұсқасын жасай алады. Сондай-ақ өзіңіздің сайтыңыз немесе блогыңыз үшін дайын кестесі бар виджетті немесе кесте орналастырылатын ерекше постерді әзірлеуге болады.

Сайтқа кіргенде қолданушылар тіркелу рәсімінен өту керек, содан кейін олар өз кестесін тегін жасауға мүмкіндік алады. Белгілі бір оқу орны үшін бір немесе бірнеше оқу топтарының, сыныптардың кестесін енгізуге болады. Қызметті пайдалану өте ыңғайлы: ол кез келген қоңырау кестесін, жұптық және жұптық емес апталарды, оқу кезеңдерін қолдайды. Бұл оқушылар үшін де, оқу орындарының әкімшілігі үшін де қажет.

Кестеге кез-келген мәліметтерді қосуға болады: оқу пәндері, оқытушылардың аты-жөні, аудитория нөмірлері, пәндер түрлері және т.б. Сонымен қатар әр пайдаланушы өз нұсқасы үшін түрлі-түсті фондық сурет орната алады.

Сервистің ерекшелігі арнайы QR-кодты сканерлеу арқылы немесе интернетке шығатын кез келген мобильді құрылғыдан сайтқа өту арқылы қол жетімді кестенің мобильді нұсқасын құру мүмкіндігі болып табылады. Сайтта дайын кестелердің мысалдарын көруге болады.

## 5-ТАРАУ. Оқытуға арналған мессенджерлер





WhatsApp

WHATSAPP

**Whatsapp** — бүкіл әлем бойынша ұялы телефондарға қолжетімді және тегін қосымша болып табылады. Ол қарапайым, қауіпсіз және сенімді түрде хабар алмасу және қоңырау шалу қызметтерін ұсынады.

Топтық чаттарды пайдаланып, осы қосымшада 256 адаммен бір уақытта хабарламалармен, фотосуреттер және фотосуреттермен алмасуға болады. Сондай-ақ топқа атау беруге, жеке ескертулерді өшіріп немесе теңшеп қоюға және т.б. іс-әрекеттерді орындауға болады.

Браузерде және компьютерлерге арналған нұсқада WhatsApp-ты пайдалана отырып, барлық чаттарды компьютермен оңай синхрондауға және анағұрлым ыңғайлы құрылғымен қарым-қатынасқа түсуге болады. Ол үшін компьютерге арналған қосымшаны жүктеп алу қажет немесе [web.whatsapp.com](http://web.whatsapp.com) веб-сайтына өту керек.

Контактілер тіпті басқа елде болғанның өзінде аудио қоңыраулар арқылы тегін сөйлесуге болады. Тегін бейнеқоңыраулар дауыс немесе мәтіндік хабарлама жеткіліксіз болған кезде бейнечаттарды пайдалануға мүмкіндік береді. WhatsApp-та аудио және бейнеқоңыраулар тарифтік жоспардың дауыстық минуттарын емес, телефонның Интернет-байланысын пайдаланады. Сондықтан да қоңыраулардың қымбатқа шығуы туралы алаңдаудың қажеті жоқ.

Қосымшаның соңғы нұсқаларында хабарламалар мен қоңырауларды қорғауды қамтамасыз ететін толассыз шифрлау бар. Осылайша, сіз және сіз сөйлесіп отырған адам ғана жіберілген мазмұнды оқи немесе тыңдай алады, басқалары, тіпті WhatsApp-тың өзі де бұған құқылы емес.

Фотосуреттер мен бейнероликтер WhatsApp-та бірден жіберіледі. Орнатылған камераны пайдаланып, ең маңызды сәттерді түсіріп алуға болады. Интернет байланысы баяу болғанына қарамастан WhatsApp-та фотосуреттер мен бейнероликтер лезде жіберіледі.

Электрондық поштаны немесе файлдарды жіберуге арналған қосымшалардың көмегінсіз-ақ PDF-файлдарын, құжаттарды, электрондық кестелерді, слайд-шоуды және т.б. жіберу мүмкіндігі бар. Салмағы 100 МБ дейін жететін құжаттарды жіберуге болады.

Кейде сіздің дауысыңыз қажет нәрселерді жеткізе алады. Дауыстық хабарлама жазу үшін бір ғана басу қажет. Жылдам сәлемдесу, құттықтау немесе ұзақ әңгіме үшін өте қолайлы болып табылады.



# Telegram

## TELEGRAM

**Telegram** — көптеген форматтағы хабарламалар және медиафайлдармен алмасуға мүмкіндік беретін кроссплатформалық мессенджер.

### **Telegram мүмкіндіктері:**

- Бүкіл әлемдегі қолданушылармен онлайн қарым-қатынас жасау. Дыбыс сапасы жоғары аудиоқоңырауларды жүзеге асыруға болады.
- Көлемі 1,5 ГБ-тан аспайтын түрлі форматтағы (фото, аудио, бейне және т.б.) файлдарды жіберу және алу.
- Қатысушылар саны 200-ге дейін жететін, соның ішінде құпияланған топтық чаттар құру. Соңғысы шифрлау арқылы мүмкін. Тіпті телефон бөтен адамдардың қолына түсіп қалған жағдайда хабарламалардың басқаларға белгісіз болмайтынына қосымша функция өзін-өзі жою таймері арқылы кепілдік береді. Оны іске қосқан кезде белгілі бір уақыт өткен соң хабарламалар чат, телефон және сервер жадынан жойылады. Сонымен қатар, егер хабарлама бар экран фотосуреті жасалса, жіберуші бұл туралы ескерту алады.
- Супер топтарда қарым-қатынасты ұйымдастыру — 10 мың адамға дейін. Хабарламаларды модерациялайтын және қатысушыларға шектеу қолдана алатын әкімші бар.
- Юзернеймдер қолдану — аталған функция адамның телефон нөмірін білмей, оны тауып алуға мүмкіндік береді.
- Қызығушылықтары бойынша топтарды табу және олардың талқылауларына қатысу.
- Дыбыстық хабарламалар жазу және оларды жіберу.
- Көруге арналған өзіндік каналдар құру. Мұнда кез-келген мазмұн бар: бизнес-вебинарлар мен саяси талқылаулардан бастап аспаздық рецептілер мен балаларға арналған ойын-сауыққа дейін.

- Музыка тыңдау — тегін, тіпті интернет байланысы болмаса да. Ол үшін түсінікті интерфейсі мен көптеген функциялар жиынтығы бар медиа ойнатқыш әзірленді.
- Сервистің бұлттық деректер қоймасын пайдалану. Таңдаулылар қосымшасы мен өзіне қайта жіберу арқылы кез келген файл (көлемі мен саны шектелмеген) қашықтағы серверге түседі.
- Стикерлерді жіберу, өз бетінше жасау, тегін жүктеуге (басқа мессенджерлерден ерекшелігі) болады.
- Іздеушілерде (поисковик) табылған фотосуреттерді құрылғының жадына сақтауынсыз жіберу.
- Автоматтандырылған көмекшілер болып табылатын боттарды пайдалану.

### **Пайдалы құралдар**

Әдеттегі чаттар, топтық қарым-қатынас, файлдарды жіберу және көру сияқты функциялардан бөлек **арнайы құралдар** бар. Оларды қолдану сервис мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді және клиенттерге қосымша ыңғайлы функциялар ұсынады.

### **Каналдар**

- Мессенджерде канал сияқты ұғым бар. Бұл бір жақты тәртіпте берілетін — автордан аудиторияға, онлайн немесе жазылған мазмұн. Хабар тарату біржақты, комментарийлер қосу мүмкіндігі жоқ. Әрбір каналдың атауы және сілтемесі болады. Олар бойынша сол каналды тауып алуға болады. Мысалы, telegram.me/Қашықтан білім беру.

- Telegram каналына басқа сайттың немесе әлеуметтік желінің мазмұнын жіберуге, өзіндік түзетулер мен әкімшінің хабарламаларын енгізуге болады. Каналды құру оңай. Ең бастысы — каналды қызықты бейнероликтермен және жаңалықтармен толтыру. Қолданушы теңшеулерде көру параметрлерін көрсете алады. Екі нұсқа бар: каналдағы жаңартулар чат бөлімінде көрсетіледі, яғни қарапайым адамдардан келетін хабарламалар сияқты; немесе ескертусіз режим. Бұл ретте каналға кіріп, қандай жаңалақтардың бар екенін кез-келген ыңғайлы уақытта көруге болады.

- Каналдар ашық болуы мүмкін — барлық қалаған адамдар үшін, сонымен қатар жеке, яғни сұратым негізінде әкімшімен ашылады.

### **Боттар**

Бұл бағдарламамен басқарылатын арнайы виртуалды көмекшілер.

Сұраныс бойынша әртүрлі әрекеттерді орындай алады: валюта бағамын табу, құжаттарды конвертациялау, ауа-райы болжамын, Google талдауын, жаңалықтарды, хабарлар бағдарламасын және басқа да көптеген ақпаратты көрсету. Олардың жұмысын ыңғайлы кесте бойынша теңшеуге болады — іс-әрекетті белгілі бір уақытта орындау.

**Екі түрлі болады:**

- Қарапайым — оларға командалар мен іздеу сұраулары жіберіледі.
- Кіріктірілетін — чаттан шықпай-ақ, іздеуді жүргізуге мүмкіндік береді және сол іздеу нәтижелерін таратады. Мысалы, атауы @gif болып табылатын бот оның атауынан кейін енгізілген кілт сөздер негізінде суреттерді ұсынады.

Мұғалім жұмысы үшін ең пайдалы және тиімді **@quizbot** боты болуы мүмкін. Оның көмегімен көптеген сұрақтары бар әртүрлі тестілер, сауалнамалар, викториналар жасап, олармен бөлісуге болады. Бот емтихандық тест стилінде көріну үшін сұрақтың алдынаа мәтін немесе мультимедианы қосуға мүмкіндік береді.

Тест үшін уақыт шегін орнатуға болады. Бот қолданушылардың қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін және оларға қанша уақыт қажет болғанын қадағалайды. Сонымен атар бот әрбір викторина бойынша анықталған көшбасшылардың жалпы тізімін жүргізеді.

Тест жасау өте оңай, **@quizbot**-ті Telegram-да ашып, «START» түймешігін басу кере те, ұсынылған нұсқаулар негізінде тиісті әрекеттерді орындау қажет.





## AITU

**Aitu** – бұл хабарламалармен, медиа және құжаттармен алмасумен қатар соңғы жаңалықтардан хабардар болуға және дербестендірілген контентке қол жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа қазақстандық қосымша. Қолданылуы тегін болып табылады.

Осы мессенджерде жұмысты бастау үшін ұялы телефон нөмірімен тіркелу рәсімін өту қажет.

### **Қосымша мүмкіндіктері:**

#### **Ыңғайлы хабарласу**

Мәтіндік және дауыстық хабарламалармен, бейнроликтер, фотосуреттер және құжаттармен алмасу.

#### **Топтық чаттар**

Жанұя, достар, әріптестермен 300 адамға дейін қатысушыны қамтитын қоғамдастықтар құру.

#### **Ойын-сауық каналдары**

Каналдарға жазылу немес өзіңіздің каналыңызды құру.

#### **Ұсынушы жүйе**

Өзіңіздің қызығушылықтарыңызды дербестендіріңіз және бірегей контентке қол жеткізіңіз.

#### **Тегін қоңыраулар**

Жақындарыңыз және әріптестеріңізбен үнемі 24/7 байланыста болыңыз.

#### **Көптілділік**

Қосымша Қазақстан үшін арнайы әзірленген.

#### **Қолжетімділік**


Қосымшаны мобильдік құрылғыларда және дербес компьютерде қолдануға болады.

## 6-ТАРАУ. Қашықтан оқытуға арналған қазақстандық платформалар



## «КҮНДЕЛІК» ПЛАТФОРМАСЫ

[www.kundelik.kz](http://www.kundelik.kz)




**Күнделік** — мұғалімдерге арналған бірыңғай электрондық білім беру ортасы. Ол білім беру ұйымдары үшін электрондық құжат айналымының мүмкіндіктерін және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары (педагогтер, ата-аналар, оқушылар) арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың әлеуметтік желілік құралдарын біріктіреді.

### Негізгі бағыттары:

- Мектептегі білім беруді жаңғырту;
- Озық АКТ -ны білім беру үдерісіне кіріктіру;
- «Педагог-оқушы-ата-ана» интерактивті қарым-қатынасты дамыту;
- Ақпараттық алмасудың бірыңғай ортасын енгізу;
- Мектеп экожүйесін құру және сол жүйеге қызмет көрсету;
- Қашықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

## «BILIMLAND» ПЛАТФОРМАСЫ

[www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)




**Bilimland** — бұл электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген сандық білім беру платформасы. Бұл – мектеп бағдарламасы негізінде түсірілген 40 мыңнан астам электрондық сабақтар, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтитын тренажерлер, интерактивті жаттығулар, бейне және анимациялық оқу фильмдер түрінде ұсынылған заманауи білім беру контентінің ірі цифрлық кітапханасы.

**Online Mektep** – еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушыларына арналған Типтік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген сандық контентті қамтитын [www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz) білім беру порталының жаңа модулі. Бұл модуль арнайы әзірленген цифрлық білім беру ресурстарынан тұрады: бейнесабақтар, деңгейлік тапсырмалар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруды көздейтін интерактивті жаттығулар.

## «DARYN.ONLINE» ПЛАТФОРМАСЫ


<https://daryn.online/>



**Daryn.Online** — бұл кез-келген жерде, кез-келген уақытта жоғары білікті оқытушылардан оқуға мүмкіндік беретін қашықтан білім беруге арналған платформа.

## EDUS ЖҮЙЕСІ — ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕКТЕП

<https://mектеп.edu.kz/?language=rus>



**EDUS жүйесі — электрондық мектеп** — мектептерге арналған білім беру платформасы. Бұл платформа Маңғыстау облысы жалпы білім беретін мектептері (мектептер контингенті, электрондық форматтағы журналдар, сабақ кестесі, оқушылардың үлгерімі, жеке сауалнамалар, ата-аналар қолжетімділігі және т. б.) оқу үдерісінің деректерін оқу-білім беру контингентінің ресурстарын қалыптастырудың бірыңғай форматына бейімдеу арқылы орталықтандыру мақсатында құрылған.



**Менің АКТ құралдарым мен сервистерім**  
*Жазбалар үшін*

Multiple horizontal lines for writing notes.